

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы 1997 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1557 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы 1997 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманың
ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Төрағасының бірінші орынбасары Владимир Зейноллаұлы Жұмақановқа (келісім бойынша) мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы 1997 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол
қ о ю ғ а ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

1997 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама

(2015 жылғы 2 маусымда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 4, 33-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина
М и н и с т р л е р К а б и н е т і ,
1997 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина

Үкіметі арасындағы үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 14-бабының негізінде, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгеріс енгізілсін:
Келісімнің 1-бабының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Құзыретті органдар» - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Украинаның Мемлекеттік арнайы байланыс және ақпаратты қорғау қызметі;».

2-бап

Тараптардың құзыретті органдарының атауы өзгерген немесе олардың функциялары мемлекеттің басқа органдарына берілген жағдайда, Тараптар шұғыл түрде бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

3-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны Тараптар дипломатиялық арналары арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

_____ жылғы «___» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып т а б ы л а д ы .

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Кабинеті үшін

Украина Министрлер